

ЖОЛДАУ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНУДА

Таяуда Ақпараттың білім беру орталығы бас ғимаратының оку залында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: есім, реформалар, даму» атты Жолдауын талқылау жиыны өтті. Жиынға АБО директоры Д.Баймуханбетова, ТІ және ЖСД директоры Е.Байқонысов, ТІ және ЖСД бас маманы Г.Орынбекова, «Экономика және қаржы» факультеттінің аға тәлімгері Ф.Пазылов, СМ факультеттінің т.ғ.к. М.Қамбаров, «Техникалық мамандықтарға арналған орыс тілі» кафедрасының оқытушысы М.Қожахметова, студенттік ректор Т.Есжан, АБО сектор менгерушілөрі Х.Шамбулова, Б.Жұмабаева, АБО кітапхана шылары А.Икладова, В.Искакова, С.Саткинбекова, Г.Булетова, университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халықта арналған бүл жолғы Жолдауы бүтінгі әлемдік ахуалдың курделі кезеңіндегі еліміздің даму жолын айқындаудың ерекшеленді. Кездесу барысында Жолдауда айтылған әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңдері талқыланып, көрсетілген мақсат-міндеттердің өзектілігі туралы айтылды. Қытысушылар сез алыш,

жастардың Жолдауға қолдау көрсету және өз Отанының патриотты болу, саналы қозқарасын қалыптастыруға ықпал ету, азаматтық белсенді үстанимы бар, жауапкершілігі мол жастарды тәрбиелу керектігін атап көрсетті. Жиынға қатысушылар Елбасы қойған міндеттерді қолдан, оны орындау әр азаматтың патриоттық пәрзесі, жауапкершілігі екенін атап өтті.

Елбасының Жолдауын жастар арасында кеңінен насаихаттау, түсінідіру және қолдау мақсатында Ақпараттың білім беру орталығының барлық оку залдарында талқылау жиындары өткізілді.

Халида ШАМБУЛОВА, АБО
сектор менгерушісі

